

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«РӘМІЗДЕРІМ - МАҚТАНЫШЫМ!»

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/120722/

«РӘМІЗДЕРІМ - МАҚТАНЫШЫМ!»

I. Тақырыбы: «Рәміздерім - мақтанышым!»

II. Мақсаты: Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқу және өлеңнің мазмұнын ашу;

Балалардың ынталарын арттыру, білімділікке баули отырып, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.

Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу; имандылық, адамгершілік тәрбиесіндегі үлгі - өнеге сөздерді үйретіп, елді қорғауға баулу.

Көрнекіліктер: Дидактикалық материалдар, суреттер, санамақ таяқшалар, геометриялық пішіндер. Ел рәміздің суреттері.

Әдісі: Слайд.

«Менің елімнің рәміздері» өлеңі.

Тақпақтар:

1. бала: Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы,

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды.

2. бала: Құт — береке шаңырақ,

Орын алған ол төрден

Қанатты қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген.

3. 3. бала: Рәміздерім — елдігімнің белгісі,

Білу керек бала дағы ең кіші.

Рәміздерім – елтаңба, ту, гимнді,

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

Сұрақ — жауап;

Балалар, айтыңдаршы, жылдың неше мезгілі бар?

Суретпен жұмыс:

Суретте жылдың қай мезгілі көрсетілген?

Олай болса, осы жылдың жаз мезгілінде төртіншіше маусым күні осы біздің мемлетіміздің рәміздер күні болып аталған.

Қуанышты сәт: **«Тосын сый»**

Саламатсыздар ма, балалар!
Балалар бүгінгі сәтті пайдаланып, мен сендерді алдағы келе жатқан мерекелермен құттықтаймын. Еліміздің болашағы сендерсіңдер, сендерге зор денсаулық, қуаныш тілеймін. Үлкен азамат болып өсіңдер!

Сергіту сәті: «Көңілді күн»

Ойын: «Тез ойла, сөз ойла»

Балалар, сендер осы күнге дейін де ел рәміздері туралы өлеңдер бар екенін білесіңдер, олай болса, өздеріңнің де рәміздер туралы айтатын тақпақтарың бар болар?

Тақпақтар:

Абылай: Көк аспандай көкпеңбек
Қазақстан жалауы
Көк емес ол тектен – тек
Елдің ашық қабағы.
Әділ: Айнымайды аспаннан
Біздің тудың бояуы,
Оны халық қашанда
Биікке іліп қояды
Айша: Елтанбасы елімнің
Неткен әйбат, әдемі.
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі!
Рамзан: Құт, береке шаңырақ
Орын алған ол төрден.
Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген
Дарина: Қазақстан рәміздері- елдігімнің белгісі,
Білу керек балаға дейін ең кіші.
Ән ұран, көңілдір ту, елтаңба,
Рәміздерді жатқа білсін әр кісі.

Ойын: «Мақалды жалғастыр»

Отан
Отан үшін
Туған жерге
Туған жерім —
Туған жердей жер болмас,
Туған жердің күні де ыстық,
Жері байдың —

Тәрбиеші: Әнұраны елімнің
Шақырады бірлікке.
Егеменді халқымның
Болашағы бірлікте.
— дей отырып, әрқашан бірлікте болайы. Олай болса, кезекті ойынға берейік, бірге болайық.
Бекіту: Дидактикалық ойын: «Құрастыр»

Қорытынды: Әнұран: «М е н і ң Қ а з а қ с т а н ы м»

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.